

Жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 21 ақпандағы № 112 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18 - бабына, 69 - бабының 4 - тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31 - бабына сәйкес Қостанай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қостанай облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесіне (ұзындығы 22,3 км) "ПС - 1150 Қостанай - ПС Оңтүстік" бір тізбекті 220 кВ ӘЖ және (ұзындығы 1,0 км) екі тізбекті 110 кВ ӘЖ салу және пайдалану үшін, Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Жданов ауылдық округінің аумағында орналасқан, жалпы ауданы 183 гектар жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберілуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қостанай ауданы әкімдігінің интернет - ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

О. Нургалиев